

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ҰЙҒЫР АУДАНЫ
ТИІРМЕН АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ
ШЕШІМ

Тиірмен ауылы

А К И М
ТИІРМЕНСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
УЙГУРСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Р Е Ш Е Н И Е

село Тиірмен

2020 жылғы « 21 » қаңтар
№ _____ дана

№ 1-01

« ____ » _____ 201__ года
экз. № _____

**Ұйғыр аудандық мәслихатының
2020 жылғы 10 қаңтардағы
«Ұйғыр ауданының ауылдық
округтерінің 2020-2022 жылдарға
арналған бюджеттері туралы»
№ 6-60-347 шешімін іске асыру туралы**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 79-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-3 тармағының 8,9,11-тармақшаларына, 37-бабының 3-тармағына сәйкес, Ұйғыр аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы «Ұйғыр ауданының ауылдық округтерінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттері туралы» № 6-60-347 шешімін жүзеге асыру мақсатында Тиірмен ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған Тиірмен ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің қосымшасына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға төмендегі көлемдерде қабылдансын:

- 1) кірістер 33884 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер 4824 мың теңге;
трансферттер түсімі 29060 мың теңге, оның ішінде:
ағымдағы нысаналы трансферттер 5062 мың теңге;
субвенциялар 23998 мың теңге;
- 2) шығындар 33884 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу 0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 0 мың теңге.

2. Тиірмен ауылдық округі әкімінің аппараты:

«Ұйғыр ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларды;

«Ұйғыр ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бір жылға белгіленген мөлшер шегінде бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын берсін.

3. Тиірмен ауылдық округі әкімінің аппараты заңда белгіленген тәртіппен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық процедуралардың уақытында өткізілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Тиірмен ауылдық округінің әкімі



М. Насыров